

<p align="center"><b>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті</b>  <b>Силлабус</b>  <b>(Код) Мәліметтер жинағының жүйесі</b>  <b>Күзгі семестр 2016-2017 оқу жылы</b>  <b>Курс 2, қ/о</b></p>							
Пән коды	Пәннің атауы	Түрі	Аптадағы сағат саны			Кредит саны	ECTS
			Лек	Тәжір.	Лаб		
<b>KRKK2410</b> <b>UPRK2410</b> <b>CLRK2410</b>	Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім	ОК	2	1		3	<b>5</b>
<b>Пререквизиттер</b>	Мемлекет және құқық теориясы; Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы; Мемлекет және құқықты жалпы тарихы; Конституциялық құқық						
<b>Лектор</b>	з.ғ.к., доцент м.а. Маликова Шолпан Балтабековна			Кеңсе-сағаттар Бейсенбі 10.00-11.30		Күнтізбе бойынша	
<b>Оқытушы (семинарлар)</b>	з.ғ.к., доцент м.а. Тлепбергенов Орынбасар Нусупалиұлы, Ергали Адлет Маратұлы						
<b>e-mail</b>	msholpan7876@mail.ru						
<b>Телефондар</b>	3773333, внутр. 1260; +7 702 1248483			315			
<b>Пәннің сипаттамасы</b>	Курста қылмыс және оның түрлерінің, қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамының, қылмыстық заңнаманың қағидалары және қылмыстық-құқықтық реттеу механизмінің, қылмыстық-құқықтық нормалардың мезгілдегі, кеңістіктегі және адамдар шеңберіне қатысты қолданылуының түсінігі, жаза тағайындаудың тәртібі және механизмі, қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату шарттары ашылған.						
<b>Курс мақсаты</b>	Курстың мақсаты бакалаврларды қылмыстық құқықтың теориялық проблемаларымен және қылмыстық құқықтық қатынастарды реттейтін заңнаманың құқыққолдану тәжірибесінің проблемаларымен таныстыру.						
<b>Білім алудың нәтижелері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімінің негізгі институттарын, ұғымдарын білу (қылмыс, қылмыстық жауаптылық, қылмыс құрамы, жаза, қылмысқа қатысу, қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату).</li> <li>2. Нормативтік құқықтық актілерді, олардың мезгілдегі, кеңістіктегі және адамдар шеңберіне қатысты қолданудың негізгі ережелерін білу.</li> <li>3. Нақты жағдайларға қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану барысында түсіндіру әдістерін және заңнамадағы олқылықтарды толтыру әдістерін білу.</li> <li>4. ҚР Қылмыстық кодексінің нормаларын және басқа нормативтік актілерді қолдану арқылы казустарды шешу машығы.</li> <li>5. Тәжірибелік есепті шешудегі өз пікірін жазбаша және ауызша түрде негіздеу машығы.</li> <li>6. Тәжірибелік есепті шешу үшін нормативтік құқықтық актілерді пайдалану машығы.</li> </ol>						
<b>Әдебиеттер мен ресурстар</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР Қылмыстық кодексі 16 шілде 1997ж. - Алматы: ЮРИСТ, 2012. – 164 б.</li> <li>2. ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014ж. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 208 б.</li> <li>3. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. А.К. Дауылбаева. – Алматы, 2015. – 500 с.</li> </ol> <p><b>Онлайн қолжетімді:</b> Қосымша оқу материалы – Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімі бойынша дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал univer.kaznu.kz желісінде ПОӘК бөлімінде қолжетімді болады.(Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша МООК курсын ұғыну ұсынылады).</p>						
<b>Курсты ұйымдастыру</b>	Осы курс шегінде құқық саласы ретінде қылмыстық құқықтың жалпы бөлімімен жалпы танысу өткізіледі, сонымен қатар осы пән бойынша дайындық пен оқу барысында үлкен көлемдегі теориялық және тәжірибелік материалдар оқытылады, негізгі рөл ҚР Қылмыстық кодексіне, монографиялық әдебиеттерді зерттеуге, сот тәжірибесінің құжаттарын талдау мен қарастыруға бөлінеді. Сонымен қатар сот тәжірибесін талдау мен зерттеуге, тәжірибелік есептерді шешуге семинар сабақтары (сағат саны бойынша дәріс сабақтарына қарағанда						

	<p>аз) мен СӨЖ-ге көңіл бөлінеді. СӨЖ (теориялық сұрақтар мен тәжірибелік есептер) және сот тәжірибесін талдау мен қарастыру, семинар бойынша есептерді шығару үй жұмысы болып табылады, бұл сізге теориялық мәліметтердің тәжірибелік қолданылуымен танысуға, қылмыстық заңнама нормаларын тәжірибелік қолдану дағдыларын иеленуге, қылмыстық заңнаманы қолдану саласында заңи мәселелерді ғылыми талдау мен шешуге мүмкіндік береді.</p>		
<p><b>Курстың талаптары</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әрбір аудиториялық сабаққа сіз тақырыптар мен сабақтардың төменде көрсетілген тізбесіне сәйкес дайындалуыңыз керек.</li> <li>2. Дәріс және семинар сабақтары бойынша үй жұмыстары төменде көрсетілген пән күнтізбесіне сәйкес оқытылатын тақырыптар бойынша семестр кезінде бөлінеді.</li> <li>3. Үй жұмыстары бірнеше сұрақтардан тұрады: теориялық сұрақтар да, тәжірибелік есептер болуы мүмкін, оларды тақырып бойынша теориялық және нормативтік материалдарды ұғыну жағдайында орындауға болады; сізге оқытушымен ұсынылған арнайы монографиялық әдебиеттермен қатар, оқу әдебиеттері мен нормативтік құқықтық актілер немесе сот тәжірибесінің мысалдарын қолдану қажет. Белгілі тақырып бойынша қылмыстық құқықтың түсінігін, категорияларын зерттеу үшін univer желісі немесе интранетте сәйкес оқу ресурстарын іздеу қажет болуы мүмкін.</li> <li>4. Сіз семестр кезінде оқытылатын мәліметтерді қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері бойынша ғылыми ізденістерді жазу барысында тәжірибелік сабақтарда қолдануға тиістісіз. Ғылыми ізденістердің нақты тақырыптары аудиториялық сабақтарда анықталады. Ғылыми ізденісті ұсыну мен жазу курстың қорытынды бағасынан 10% құрайды.</li> <li>5. Сіз СӨЖ тапсырмаларын төменде көрсетілген күнтізбеге сәйкес орындауға тиістісіз. Өзіндік оқуға қосымша оқу ресурсын талап ететін немесе аудиториялық сабақ шегінде қамтылмайтын теориялық және тәжірибелік материалдар шығарылады. СӨЖ орындау бойынша нақты талаптар ПОӘҚ-та анықталады, олармен жүйедегі бетте және аудиториялық сабақ шегінде танысуға болады. Барлық СӨЖ-ды орындау қорытынды бағаның 30% құрайды, семинар сабақтары бойынша есептерді орындау қорытынды бағадан 20% құрайды.</li> </ol> <p>Үй жұмыстарын орындау кезінде келесі ережелер сақталу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Үй жұмыстары қойылған мерзімде орындалуы қажет. Кейін үй жұмыстары қабылданбайды.</li> <li>• Үй жұмыстары А4 парағының бір бетінде ғана орындалуы керек және беттер сұрақтардың (тәжірибелік тапсырмалар мен есептер) нөмірленуінің тәртібі бойынша байланыстырылуы қажет. Сұрақтар (тәжірибелік тапсырмалар, есептер) нөмірленген болуы керек және қорытынды жауаптар белгіленуі керек. Тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде жауаптар негізделген және қолданыстағы заңнаманың нақты нормаларына сілтемелермен дәлелді болуы қажет. Осы талаптарға сәйкес келмейтін үй жұмыстары қанағаттандырылмаған бағамен қайтарылады.</li> <li>• Үй жұмыстарын орындау кезінде әрбір студент жеке жұмыс істейді.</li> </ul>		
<p><b>Бағалау саясаты</b></p>	<p><b>Өзіндік жұмыстың сипаттамасы</b></p>	<p><b>Үлесі</b></p>	<p><b>Білім берудің нәтижелері</b></p>
	<p><b>Үй жұмыстары:</b></p>		<p>1,2,3,4,5,6,7</p>
	<p>СӨЖ</p>	<p>30%</p>	<p>1,2,5,6,7</p>
	<p>Семинар сабақтары бойынша тапсырмалар</p>	<p>20%</p>	<p>1,2,3,4,5,6,7</p>
	<p><b>Ғылыми ізденістерге дайындық</b></p>	<p>10%</p>	<p>7,14</p>
	<p><b>Емтихандар</b></p>	<p>40%</p>	
	<p><b>Қорытынды</b></p>	<p>100%</p>	
	<p>Сіздің қорытынды бағаңыз келесі формула бойынша есептеледі</p> $\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{АБ1 + АБ2}{2} \cdot 0,6 + 0,1МТ + 0,3ҚБ$ <p>Аралық бақылауға дейін баллдар жинақталынып қойылады. Төменде пайыздық төменгі бағалар келтірілген:</p> <p>95% - 100%: А      90% - 94%: А-</p>		

	85% - 89%: B+	80% - 84%: B	75% - 79%: B-
	70% - 74%: C+	65% - 69%: C	60% - 64%: C-
	55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	0% -49%: F
<b>Пән саясаты</b>	Үй жұмыстары немесе жобалардың сәйкес мерзімдері университеттің Академиялық саясатына сәйкес жеңілдетілген мән-жайлар кезінде (мысалы, науқас, жедел жағдайлар, авария, күтпеген жағдайлар және т.б.) ұзартылуы мүмкін. Студенттің сабақта сөз жарыстарда және тәжірибелік тапсырмаларда қатысуы пәннің жалпы бағасында есептелінеді. Пән сұрағының затына бастамашылдық, конструктивті сұрақтар, диалог пен кері байланысты қолдау жатады және сабақ уақытында ынталандырылады. Қорытынды баға кезінде студенттің сабақта белсенді қатысуы көңілге алынады.		

**Пән графигі**

<b>Апта</b>	<b>Тақырыптың атауы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Максималды балл</b>
1	<b>Дәріс 1.</b> Қылмыстық құқық түсінігі, пәні, міндеттері, жүйесі, қағидалары	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 1.</b> Қылмыстық құқық түсінігі, пәні, міндеттері, жүйесі, қағидалары	1	3
2	<b>Дәріс 2.</b> Қылмыстық заң	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 2.</b> Қылмыстық заң	1	5
	<b>СӨЖ № 1 «Қылмыстық заң»</b>		10
3	<b>Дәріс 3.</b> Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 3.</b> Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі	1	6
4	<b>Дәріс 4.</b> Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамы	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 4.</b> Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамы	1	6
	<b>СӨЖ № 2 «Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамы»</b>		11
5	<b>Дәріс 5.</b> Қылмыстың объективтік белгілері	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 5.</b> Қылмыстың объектісі және объективтік жағы	1	6
	<b>СӨЖ № 3. «Қылмыстың объективтік жағы»</b>		11
6	<b>Дәріс 6.</b> Қылмыстың субъективтік белгілері	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 6.</b> Қылмыстың субъектісі және субъективтік жағы	1	6
	<b>СӨЖ № 4. «Қылмыстың субъективтік жағы»</b>		10
7	<b>Дәріс7.</b> Қылмысты жасау сатылары	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ7.</b> Қылмысты жасау сатылары	1	6
	<b>СӨЖ № 5 «Қылмысты жасау сатылары»</b>		10
7	<b>Аралық бақылау1 (АБ 1). Жобаның 1 бөлігін қорғау</b>		10
8	<b>Аралық емтихан (midterm)</b>		<b>100</b>
9	<b>Дәріс 8.</b> Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 8.</b> Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі	1	3
10	<b>Дәріс 9.</b> Қылмысқа қатысу.	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 9.</b> Қылмысқа қатысу.	1	5
	<b>СӨЖ №6 «Қылмысқа қатысу»</b>		10
11	<b>Дәріс 10.</b> Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.	2	

	<b>Тәжірибелік сабақ 10.</b> Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.	1	5
	<b>СӨЖ №7 «Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.»</b>		11
12	<b>Дәріс 11.</b> Жазаның түсінігі және мақсаты. Жаз жүйесі және түрлері	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 11.</b> Жазаның түсінігі және мақсаты. Жаз жүйесі және түрлері	1	5
	<b>СӨЖ № 8 «Жаза тағайындау. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.»</b>		11
13, 14	<b>Дәріс 12.</b> Жаза тағайындау	3	
	<b>Тәжірибелік сабақ 12.</b> Жаза тағайындау	1	5
14	<b>Дәріс 13.</b> Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату	1	
	<b>Тәжірибелік сабақ 13.</b> Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату	1	5
15	<b>Дәріс 14.</b> Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 14.</b> Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы	1	5
	<b>СӨЖ №9 «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы»</b>		10
16	<b>Дәріс 15.</b> Медицианлық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары	2	
	<b>Тәжірибелік сабақ 15.</b> Медицианлық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары	1	5
	<b>СӨЖ №10 «Медицианлық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары»</b>		10
16	<b>Аралық бақылау № 2</b>		<b>10</b>
	<b>Қорытынды емтихан</b>		<b>100</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>400</b>

#### **ҰСЫНЫСТАР**

Студент аудиториялық сабақтарға дайындық және үй жұмысын орындау кезінде пән силлабусында көрсетілген мәліметтерге негізделуі керек. Курс силлабустағы және студентке уақытылы сабақтарға дайындалуға, тапсырмаларды орындау мен тапсыруға мүмкіндік беретін графикке сәйкес оқытылады. Тапсырмаларды нәтижелі және орынды дайындау үшін алдымен univer желісіндегі өз парақшаңызбен танысыңыз, соның ішінде толығымен ПОӘК, семинар сабақтарының жоспарымен, СӨЖ орындау бойынша әдістемелік ұсыныстармен, СӨЖ орындау нысандары мен ұсынылатын әдебиет тізімімен. Сұрақтардың пайда болуы жағдайында кесте бойынша немесе силлабуста көрсетілген электронды пошта мекен-жайы бойынша немесе семинар сабағынан кейін кеңсе-сағаттарында лекторға, оқытушыларға жүгіне аласыз.

**Заң факультетінің деканы**

**Байдельдинов Д.Л.**

**Әдістеме бюросының төрайымы**

**Урисбаева А.А.**

**Қылмыстық құқық, қылмыстық**

**Іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі**

**Джансараева Р.Е.**

**Лектор**

**Маликова Ш.Б.**